

Дәрігерге құрмет көрсетті

Ақ халатты абзал жан Мұхамедрахым Спандияровтың 70 жас мерейтойы қаламызда кеңінен аталып өтілуде. Арқалық медицина колледжінде өткен «Адам жанының арашасы» атты кездесу кеші де айрықша әсер қалдырды.

Кездесуге зиялы қауым өкілдері, әріптестері, жақын - жуықтары, дос - жараңдары және студенттер қатысты. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғаббасұлы, Арқалық қаласының құрметті азаматы Қайырдан Тұрсынбекұлы, ҚР Мәдениет қайраткері Бораш Әбенов сынды ел ағалары кәсіби маманның адами қадір - қасиеттеріне де тоқталып өтті.

Мұхамедрахым Спандиярұлы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін бітірген. Еңбек жолын Торғай облыстық туберкулезге қарсы диспансерінде жоғарғы санаттағы дәрігер - рентгенолог болып бастаған. Бірнеше дүркін Қазақ ССР және ТМД елдері фтизиатрлары създерінің делегаты болып сайланды.

Еңбек жолында алған мара-



паттары аз емес. «Еңбек сіңірген мемлекет қызметкері» орденімен, «Қазақстан денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», республикалық дәрігерлер Ассоциациясының «Алтын дәрігер» медалдарымен марапатталған. «Арқалық қаласының құрметті азаматы», «Арқалық қаласының жыл адамы» құрметті атақтарының иегері.

Бүгінде Мұхамедрахым аға жұбайы Сәуле Қабиджанқызымен бірге немере, шөбере сүйіп отырған бақытты жандар. Зейнеткерлікке шықса да еңбектен қол үзбей үнемі жастарға ақыл - кеңестерін беріп жүретін

қос дәрігер халық арасында өте сыйлы, беделді.

«Мұхаңдардан алар үлгі - өнегеміз мол. Бұл кісілер үнемі маңайына шуағын шашып, ізгілік нұрын сеуіп жүреді. Шашан барсаңыз да көмекке дайын тұрады. Балаларын да өздері сияқты мейірімді етіп тәрбиелеген», - дейді қала тұрғыны Ахат Мұстафин.

Кешті ұйымдастырушылар облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайы мен Арқалық медицина колледжінің басшылары қорытындылап, ескерткіш сыйлықтар тарту етті.

Мұрат БЕКЕТҰЛЫ.